

Қосымша парақ – пациентке арналған ақпарат

**Триномия®**, 100 мг/20 мг/10 мг, капсулалар  
**Триномия®**, 100 мг/20 мг/5 мг, капсулалары  
**Триномия®**, 100 мг/20 мг/2.5 мг, капсулалар

Белсенді заттар: Ацетилсалицил  
қышқылы/аторвастатин /рамиприл

*Препаратты қолданар алдында қосымша парақты толық оқып шығыңыз, өйткені онда сіз үшін маңызды мәліметтер бар.*

*Қосымша парақты сақтап қойыңыз. Оны тағы да бір рет оқып шығуыңыз керек болуы мүмкін.*

*Егер сізде қосымша сұрақтар туындаса, емдеуші дәрігеріңізге немесе дәріхана қызметкеріне жүгініңіз.*

*Препарат сізге ғана тағайындалған. Оны басқа адамдарға бермеңіз. Егер тіпті олардың ауруларының симптомдары сіздікімен сәйкес келсе де, бұл оларға зиян келтіруі мүмкін.*

*Егер сізде қосымша қандай да бір жағымсыз реакциялар пайда болса, емдеуші дәрігеріңізге немесе дәріхана қызметкеріне жүгініңіз. Бұл нұсқаудың кез келген ықтимал жағымсыз реакцияларға, оның ішінде қосымша парақтың 4-бөлімінде келтірілгендерге де қатысы бар.*

*Егер жағдайыңыз жақсармаса немесе нашарлап кетсе, сізге дереу дәрігерге қаралу керек.*

### **Қосымша-парақтың мазмұны**

1. Триномия® препараты дегеніміз не және оны не үшін қолданады.
2. Триномия® препаратын қолданар алдында нені білу керек.
3. Триномия® препаратын қолдану.
4. Болуы мүмкін жағымсыз реакциялар.
5. Триномия® препаратын сақтау.
6. Қаптаманың ішіндегісі және басқа мәліметтер.

#### **1. Триномия® препараты дегеніміз не және оны не үшін қолданады**

Триномия® препараты капсулаларының құрамында үш зат: ацетилсалицил қышқылы, аторвастатин және рамиприл бар.

- Ацетилсалицил қышқылы антиагреганттық дәрілер деп аталатын заттар тобына жатады, олар қан жасушаларының жабысып қалуы мен тромб түзілуін болдырмауға көмектеседі.
- Аторвастатин статиндер деп аталатын заттар тобына жатады, олар липидтердің (майлардың) мөлшерін реттейді, және қандағы холестерин және триглицеридтер ретінде белгілі липидтер деңгейін төмендету үшін, бұған майлар мөлшері төмен диетамен және өмір салтын өзгертумен қол жеткізу мүмкін болмаған кезде пайдаланады. Егер сізде жүрек аурудларының қаупі жоғары болса, тіпті егер холестерин деңгейі қалыпты болса да,

аторвастатинді ондай қауіпті төмендету үшін де пайдалануға болады. Емделу кезінде Сізге холестерин мөлшері төмен, стандартты диета ұстау керек болады.

- Рамиприл АӨФ тежегіштері (ангиотензин-өзгертуші фермент тежегіштері) деп аталатын заттар тобына жатады, олар организмде қан қысымын жоғарылатуға қабілетті заттардың өндірілуін азайта отырып жұмыс жасайды; қантамырларды босаңсытып және оларды кеңейтіп, жүректің организм қантамырлары бойымен қанды жеңіл айдауына мүмкіндік береді.

Триномия® препараты баламалы емдік дозалардағы монокомпонентті препараттармен емдеу көрсетілген ересек пациенттердегі жүрек-қантамыр жүйесі тарапынан асқынулардың екінші реттік профилактикасы үшін қолданады.

Егер жағдайыңыз жақсармаса немесе нашарлап кетсе, сізге дереу дәрігерге қаралу керек.

## **2. Триномия® препаратын қолданар алдында нені білу керек.**

### **Бұл препаратты қолданбаңыз:**

- егер сіз 18 жасқа толмаған болсаңыз.
- егер сізде ацетилсалицил қышқылына, басқа салицилаттарға немесе тартразинге (бояғышқа) аллергия болса. Аллергиялық реакцияның белгілеріне бөртпені, жұтыну немесе тыныс алудағы қиындықтарды, еріннің, беттің, тамақтың немесе тілдің ісінуін жатқызуға болады.
- егер сізде рамиприлге, немесе қандай-да бір басқа АӨФ тежегіш-препаратына аллергия болса.
- егер сізде аторвастатинге, қан липидтерінің концентрациясын төмендетуге арналған кез келге ұқсас препаратқа, не болмаса дәрілік заттың басқа компоненттеріне (6-бөлімде атап келтірілген) аллергия болса.
- егер сізде сояға немесе жержаңғаққа аллергия болса.
- егер сізде бұрын демікпе ұстамалары немесе ауыруға, қызбаға немесе қабынуға қарсы кейбір дәрілік заттарға (салицилаттар немесе қабынуға қарсы стероидты емес басқа препараттарға) аса жоғары сезімталдықтың басқа реакциялары болса.
- егер сізде пептидтік ойық жараның белсенді түрі болса, қайталанатын пептидтік ойық жара және/немесе асқазан-ішек жолынан қан кету, немесе цереброваскулярлық қан құйылу сияқты қан кетулердің басқа түрлерінің тарихы болған болса, егер сізде қан кету қаупі жоғары (гемофилия) болса.
- егер сізде бақылануы жеткіліксіз жүрек ауруы (жүректің ауыр жеткіліксіздігі) болса).
- егер сіз аптасына 15 мг немесе одан көп метотрексатты қабылдайтын болсаңыз.

- егер сізде диабет немесе бүйрек жеткіліксіздігі бар болса және сіз құрамында алискирен бар, артериялық қысымды төмендететін дәрі қабылдап жүрсеңіз.
- егер сізде демікпемен байланысты мұрын полиптері (мұрындағы қабынған өскіндер) болса.
- егер сізде бауыр немесе бүйректің ауры аурулары бар болса.
- егер сіздің қан талдауыңызда бауыр функциясының көрсеткіштері бойынша түсініксіз қалыптан ауытқулар анықталса
- егер сіз бала тууға қабілетті әйел болсаңыз және сенімді контрацепцияны пайдаланып жүрмесеңіз.
- егер сіз жүкті болсаңыз немесе жүктілікті жоспарлап жүрсеңіз.
- егер сіз бала емізетін болсаңыз.
- егер сіз:
  - o ритонавир, лопинавир, атазанавир, индинавир, дарунавир, саквинавир, эфавиренз, типранавир немесе ритонавир, және т. б. (АИТВ емдеуде пайдаланылатын дәрілік заттар) сияқты АИТВ протеазасы тежегіштерін.
  - o циклоспоринді (ағзалары трансплантацияланған пациенттер жиі пайдаланатын препарат) қабылдап жүрсеңіз.
- егер сізде бұрындары «ангионевроздық ісіну» болса.
- егер сізге диализ, немесе қанды сүзудің қандай-да бір басқа типі тағайындалса. пайдаланылатын диализ жүйесіне байланысты, Триномия® препараты сіз үшін жарамсыз болып шығуы мүмкін.
- егер сізде бүйрекке қатысты, оның қанмен қамтылуының төмендеуімен байланысты қиындықтар (бүйрек артериясының стенозы) болса.
- егер сіздің артериялық қысымыңыз тым төмен немесе тұрақсыз болса. Мұны сіздің дәрігеріңіз анықтап беруі тиіс.
- егер Сіз С гепатитін емдеу үшін глекапревир/пибрентасвир препараттарының біріктірілімін қолдансаңыз.
- егер сіз ересектерде ұзақ диагноз қойылған (созылмалы) жүрек жеткіліксіздігін емдеу үшін қолданылатын препарат сакубитрил/валсартан қабылдаған болсаңыз немесе қабылдап жүрсеңіз, өйткені бұл жағдайда ангионевроздық ісінудің даму қаупі артады (мысалы, тері астындағы тіндердің тез ісінуі, мысалы тамақ аумағында).
- егер сіз келесі дәрілік заттардың кез-келгенін қабылдасаңыз, бұл ангионевроздық ісіну қаупін арттыруы мүмкін:
  - o рацекадотрил, диарейаны емдеу үшін қолданылатын дәрі;
  - o трансплантацияланған ағзалардың қабылданбай ажырауын болдырмау және обырды емдеу үшін қолданылатын дәрілер (мысалы, темсиролимус, сиролимус, эверолимус).
  - o вилдаглиптин, қант диабетін емдеу үшін қолданылатын дәрі.

Атап айтқанда, егер сіз келесі дәрі-дәрмектерді қабылдасаңыз, жақында қабылдаған болсаңыз немесе қабылдауыңыз мүмкін болса, дәрігерге немесе фармацевтке хабарлаңыз:

Калий қоспалары (тұз алмастырғыштарын қоса), калий жинақтайтын диуретиктер және қандағы калий мөлшерін көбейтетін басқа дәрілік заттар (мысалы, бактериялық инфекцияларды емдеуге арналған триметоприм және котримоксазол, циклоспорин, трансплантацияланған ағзалардың қабылданбай ажырауын болдырмау үшін қолданылатын иммунодепрессант және тромбтардың түзілуін алдын алу мақсатында қанды сұйылту үшін пайдаланылатын препарат гепарин)

### **Айрықша нұсқаулар және сақтық шаралары**

Триномия®препаратын қабылдар алдында өзіңіздің дәрігеріңізге немесе фармацевтке хабарлаңыз:

- егер сізде басқа анальгетиктерге немесе қабынуға қарсы препараттарға, қызбаға, ревматизмге қарсы, ацетилсалицил қышқылынан басқа дәрілік заттарға, аллергия туғызатын басқа заттарға аллергия болса.
- егер сізде басқа аллергиялар (мысалы, тері реакциялары, қышыну, есекжем) болса.
- егер сізде бронх демікпесі, пішен қызбасы, мұрынның шырышты қабығының ісінуі немесе өкпенің созылмалы ауруы болса.
- жоспарлы операция немесе тіс жұлу сияқты шағын араласымдар туралы, өйткені, қан кету үрдісінің жоғарылауы байқалуы мүмкін. Сізге азғантай уақытқа Триномия® препаратын қабылдауды тоқтауға тура келеді.
- егер сізде бұрын асқазанның немесе ішектің ойық жаралары, немесе қан кетулері болған болса.
- егер сіз қан ұюын болдырмауға арналған препараттармен, анальгетиктермен, қызбаға немесе қабынуға қарсы препараттармен (қабынуға қарсы стероидты емес препараттар, мысалы, ибупрофен), кортикостероидтармен (аллергияны немесе қабынуды емдеуге арналған), антидепрессанттармен, мысалы, серотонинді кері қармаудың селективті тежегіштерімен (СКҚСТ) бір мезгілде ем қабылдап жүрсеңіз.
- егер сіз фузидий қышқылы деп аталатын препаратты (бактериялық инфекцияға қарсы дәрі) ішу арқылы немесе инъекциялары жолымен қабылдап жүрсеңіз немесе соңғы 7 күн ішінде қабылдаған болсаңыз. Фузидий қышқылы мен Триномия® препаратының біріктірілімі бұлшықеттегі күрделі қиындықтарға (рабдомиолизге) әкеп соқтыруы мүмкін.
- егер сіз жоғары артериялық қысымды емдеуге арналған төменде көрсетілген препараттардың кез келгенін қабылдап жүрсеңіз:
  - ангиотензин II рецепторларының блокаторын (АРБ) (сартандар ретінде де белгілі – мысалы, валсартан, телмисартан, ирбесартан), атап айтқанда, егер сізде бүйрегіңізге қатысты диабеттік қиындықтар болса.
  - алискирен.

- Дәрігер сіздің бүйректеріңіздің жұмысын, қан қысымын және сіздің қаныңыздағы электролиттердің мөлшерін үнемі тексеріп отыруы мүмкін (мысалы, калий). Сондай-ақ, "Триномия®" препаратын қабылдамаңыз" тақырыбындағы ақпаратты қараңыз.
- егер сізде жүрек, бауыр немесе бүйрек проблемалары болса немесе бұрын болса. Триномия® препараты сізге сәйкес келмеуі мүмкін.
- егер сізде глюкоза-6-фосфат дегидрогеназа ферментінің тапшылығы болса.
- егер сізде подагра даму қаупі болса, ацетилсалицил қышқылы несеп қышқылының шығарылуын төмендетуі мүмкін. Белгілі бір жағдайларда бұл подагра ұстамасын тудыруы мүмкін.
- Триномия® препаратын қабылдауға кіріспес бұрын сіздің дәрігеріңіз қан талдауын жүргізіп, емдеу кезінде үнемі осындай талдау жасауы керек. Бауырдың қаншалықты жақсы жұмыс істейтінін тексеру керек
- сіз алкогольді көп мөлшерде қабылдайтын болсаңыз
- егер сізде ауыр респираторлық жеткіліксіздік болса.
- егер сіз организмнің тұздарын немесе сұйықтықтарын көп жоғалтсаңыз (ауыруыңызға (құсу), іш өтуіне, қатты терлеуіңізге байланысты, тұз мөлшері төмен диетада, ұзақ уақыт немесе диализден кейін диуретиктер қабылдасаңыз).
- егер сіз араның немесе сонаның шағуына аллергияны төмендету үшін емделгіңіз келсе (десенсибилизация).
- егер сізде қанда калий көп болса (қан талдауы нәтижелері бойынша).
- егер сізде коллагенді ауру, мысалы склеродермия немесе жүйелі қызыл жегі болса.

**Егер сіз бұлшықеттің түсініксіз ауыруын, ауырсынумен жүретін сезімталдықты немесе әлсіздікті сезінсеңіз, дереу дәрігерге жүгініңіз. Бұл, сирек жағдайларда, бұлшықет тінінің ыдырауын қоса, бұлшықетке қатысты қиындықтардың күрделі болуы және бүйректің зақымдануына әкеп соқтыруы мүмкіндігімен байланысты; және аса сирек жағдайларда өліммен аяқталған жағдайлар тіркелген.**

Егер сізде тұрақты түрде бұлшықет әлсіздігі болса да өзіңіздің дәрігеріңізге немесе фармацевтке хабарлап айтыңыз. Сәйкесінше диагностика жүргізу және емдеу үшін, қосымша тестілер мен дәрілік заттар қажет болуы мүмкін.

Кейбір пациенттерде бұлшықет тінінің ыдырауы қаупі жоғары. Егер келесі тұжырымдардың біреуі сізге қатысты болса, өзіңіздің дәрігеріңізге хабарлаңыз:

- бұрын сізде миға қан құйылуымен жүретін инсульт болса немесе алдыңғы инсульттерден мида аздап сұйықтық жиналған болса.
- сізде бүйрегіңізбен байланысты қиындықтар болса.
- сізде қалқанша безге байланысты қиындықтар болса.
- сізде липидтер деңгейін төмендететін басқа дәрілік заттармен (мысалы, басқа «-статиндермен» немесе «фибраттармен») емдеуде, бұлшықеттермен байланысты қиындықтар болған болса.
- сізде немесе жақын туыстарыңызда тұқым қуалайтын бұлшықеттік

бұзылыстар болса.

- сіз алкогольді жүйелі түрде көп мөлшерде қабылдайтын болсаңыз
- сіздің жасыңыз 70-тен асып кетсе.

Егер аталған тармақтардың кез-келгені сізге қатысты болса, дәрігерге бұлшықетке байланысты жағымсыз әсерлердің пайда болу қаупін болжау үшін емделуге дейін және емдеу кезінде қан талдауын жасау қажет болуы мүмкін. Белгілі бір препараттарды бір мезгілде қабылдаған кезде бұлшықетке байланысты мұндай әсерлердің, мысалы, рабдомиолиздің қаупі арта түсетіні белгілі ("Басқа дәрілік заттар және Триномия®" 2-бөлімді қараңыз).

Сіз бұл препаратты қабылдаған кезде дәрігер қандағы глюкоза деңгейін және қант диабетінің даму қаупін мұқият қадағалайды. Егер сізде қандағы глюкоза мен май мөлшері жоғары болса, артық салмақ және артериялық қысым жоғары болса, қант диабетінің даму қаупі болуы мүмкін.

Әдетте, емдеуді бастағанға дейін сусыздануды, гиповолемияны немесе тұздың сарқылуын түзету ұсынылады (алайда, жүрек жеткіліксіздігі бар пациенттерде мұндай түзетуді көлемді шамадан тыс жүктеменің ықтимал қаупімен салыстыра отырып, мұқият өлшеу қажет).

### **Басқа препараттар және Триномия®**

Егер сіз қандай-да бір басқа препараттарды қабылдап жүрсеңіз, жуырда қабылдаған болсаңыз, немесе қабылдауыңыз мүмкін болса, өзіңіздің дәрігеріңізге немесе фармацевтке айтыңыз. Бұл Триномия® препаратының кейбір дәрілік заттардың жұмысына ықпал етуі мүмкіндігімен байланысты. Бұдан өзге, кейбір дәрілік заттар Триномия® препаратының жұмысына ықпал етуі мүмкін. «Айрықша нұсқаулар және сақтық шаралары» бөлімін қараңыз.

Триномия® препаратының құрамында ацетилсалицил қышқылы бар және бұл зат кейбір басқа дәрілік заттардың жұмысына әсер етуі мүмкін Сонымен қатар, кейбір дәрілік заттар ацетилсалицил қышқылының әсеріне әсер етуі мүмкін. Егер сіз жағымсыз әсерлердің пайда болу ықтималдығын арттыратын төмендегі препараттарды қабылдап жүрсеңіз, дәрігерге хабарлаңыз:

- антикоагулянттық препараттар (мысалы, кумарин және гепарин) мен қан ұйындыларын ерітетін дәрілік заттар қан кету қаупін арттыруы мүмкін. Аталған препараттармен емделудің алдында ішкі және сыртқы қан кету белгілеріне (мысалы, көгерген жерлерге) көңіл бөліңіз.
- тиклопидин және клопидогрель сияқты тромбоциттер агрегациясының басқа тежегіштері (қан тромбоциттерінің байланысуына немесе жабысып қалуына кедергі келтіретін препараттар) қан кету қаупін арттыруы мүмкін.
- құрамында кортизон немесе преднизолон сияқты кортизонға баламалы заттар бар дәрілік заттар (теріге жағылатын, немесе Аддисон ауруын кортизонмен емдеуде пайдаланылатын өнімдерден басқа), асқазан-шек жолы тарапынан болатын жағымсыз әсерлер қаупін арттырады.
- басқа анальгетиктер немесе қабынуға қарсы препараттар (ибупрофен немесе индометацин сияқты стероидты емес анальгетиктер) және

ревматизмге қарсы басқа дәрілік заттар, әдетте, қан кетулер мен асқазан-ішек жолының ойық жаралары қаупін арттырады.

- қандағы глюкоза концентрациясын төмендетуге арналған дәрілік заттар (диабетке қарсы препараттар) қандағы глюкоза концентрациясының төмендеуіне себеп болуы мүмкін.
- дигоксин (жүрек жұмысын жақсартуға арналған препарат).
- метотрексат (обырды және кейбір ревматизм ауруларын емдеуге арналған).
- құрысу ұстамаларын (эпилепсия) емдеуге арналған вальпрой қышқылын.
- серотонинді кері қармаудың селективті тежегіштері (депрессияларды емдеуге арналған) асқазан-ішек жолына қан құйылулардың қаупін арттыруы мүмкін.
- циклоспорин (ағзалары трансплантацияланған пациенттерде жиі қолданылатын препарат).
- ванкомицин (антибиотиктің типі) есту қабілетінде қиындықтарды туғызуы мүмкін.

Егер сіз ацетилсалицил қышқылының әсерін жақсартатын келесі препараттарды қабылдасаңыз, дәрігерге хабарлаңыз:

- несептің бөлінуін жоғарылататын арнайы препараттар (диуретиктер, спиронолактон және канреноат сияқты альдостерон антагонистері, фуросемид сияқты ілмектік диуретиктер).
- несеп қышқылының экскрециясына ықпал ететін препараттар (мысалы, пробенецид және бензбромарон).
- Ибупрофен: ацетилсалицил қышқылының тромбоцитке қарсы әсері әлсіреуі мүмкін.
- Метамизол: ацетилсалицил қышқылының тромбоциттер агрегациясына әсерін төмендетуі мүмкін. Демек, бұл біріктірілімді кардиопротекция мақсатында аспиринаң төмен дозаларын қабылдайтын пациенттерде сақтықпен қолдану керек.

Егер сіз келесі дәрілердің қандай да бірін қабылдасаңыз, дәрігерге хабарлаңыз.

Ацетилсалицил қышқылы олардың әсеріне ықпал етуі мүмкін:

- интерферон- $\alpha$ : Ацетилсалицил қышқылы оның белсенділігін төмендетеді.
- маниакальді-депрессиялық психозды емдеуге арналған препараттар (литий).
- антацидтер (асқорыту бұзылыстарын емдеу үшін пайдаланылатын).
- барбитураттар (құрысумен жүретін бұзылыстарды емдеу үшін пайдаланылады).
- зидовудин (АИТВ инфекциясын емдеу үшін пайдаланылады).
- фенитоин (эпилепсияны емдеуге арналған препарат).
- ацетилсалицил қышқылы қан және несеп талдаулары нәтижелерін өзгертуі мүмкін.

Триномия® препаратының құрамында аторвастатин бар, бұл зат кейбір басқа дәрілердің жұмысына әсер етуі мүмкін. Сонымен қатар, кейбір препараттар

аторвастатиннің жұмысына әсер етуі мүмкін. Бұл балама түрде жағымсыз әсерлердің қаупін немесе ауырлық дәрежесін, оның ішінде жоғарыда "Нұсқаулар мен сақтық шаралары" бөлімінде сипатталған бұлшықет атрофиясының жағдайын арттыруы мүмкін. Егер сіз келесі дәрілердің қандай да бірін қабылдайтын болсаңыз, дәрігерге хабарлаңыз:

- циклоsporин (ағзалары трансплантацияланған пациенттерде жиі қолданылатын препарат)
- кейбір антибиотиктер немесе зеңге қарсы препараттар, мысалы, эритромицин, кларитромицин, телитромицин, кетоконазол, итраконазол, вориконазол, флуконазол, позаконазол, рифампин.
- Егер бактериялық инфекцияны емдеу үшін ішке фузид қышқылын қабылдау қажет болса, сіз ол дәріні қолдануды уақытша тоқтатуыңыз керек. Дәрігер сізге триномияны қабылдауды қашан қауіпсіз жалғастыру керектігін айтады. Бұл препаратты фузидий қышқылымен қабылдау (сирек) бұлшықет әлсіздігіне, ауырсыну сезімталдығына немесе ауырсынуына (рабдомиолиз) әкелуі мүмкін. Рабдомиолиз туралы қосымша ақпаратты 4-бөлімнен қараңыз.
- АИТВ-инфекциясын емдеуде қолданылатын дәрілік заттар, мысалы, ритонавир, лопинавир, атазанавир, ритонавир, дарунавир, саквинавир, эфавиренз, типранавир/ритонавир біріктірілімі және т. б.
- липидтер деңгейлерін реттеуге арналған басқа дәрілік заттар, мысалы, гемфиброзил, басқа фибраттар, колестипол.
- С гепатитін емдеуге арналған кейбір препараттар, мысалы, теллапревир, боцепревир және элбасвир/гразопревир біріктірілімі
- стенокардия немесе артериялық қысымының жоғарылауы кезінде пайдаланылатын кальций өзекшелерінің кейбір блокаторлары, мысалы, амлодипин, дилтиазем; жүрек ырғағын реттеуге арналған препараттар, мысалы, дигоксин, верапамил, амиодарон.
- эзетимибті қоса, аторвастатинмен өзара әрекеттесетін басқа дәрілік заттар (холестерин деңгейін төмендетеді), варфарин (қан ұйығыштығын азатайтады), оральді контрацептивтер, стигипентол (эпилепсия кезіндегі антиконвульсант), феназон (ауыруды басатын дәрі), циметидин (H2-гистаминдік рецепторлардың антагонисі), колхицин (подаграны емдеу үшін пайдаланылады) және антацидтер (құрамында алюминий немесе магний бар асқорыту өнімдері).
- рецептісіз босатылатын дәрілік заттар: шілтерлі шайқурай.

Триномия ® құрамында рамиприл бар және бұл зат кейбір басқа дәрілердің жұмысына әсер етуі мүмкін. Өз кезегінде кейбір дәрілік заттар рамиприлдің әсеріне әсер етуі мүмкін. Егер сіз жағымсыз әсерлердің пайда болу ықтималдығын арттыратын келесі дәрі-дәрмектердің кез-келгенін қабылдасаңыз, дәрігерге хабарлаңыз:

- обырға қарсы дәрілік заттар (химиотерапия)
- циклоsporин сияқты трансплантациядан кейін ағзалардың қабылданбай ажырауын тежейтін дәрілік заттар.



- фуросемид сияқты диуретиктер.
- қандағы калий мөлшерін жоғарылататын дәрілік заттар, мысалы, спиронолактон, триамтерен, амилорид, калий тұздары және гепарин (қанды сұйылту үшін).
- преднизолон сияқты қабынуға қарсы стероидты препараттар.
- аллопуринол (қандағы несеп қышқылының концентрациясын төмендету үшін пайдаланылады).
- прокаинамид (жүрек ырғағының бұзылуы кезінде пайдаланылады).

Егер сіз рамиприлді тиімсіз етуі мүмкін келесі дәрілердің қандай да бірін қабылдасаңыз, дәрігерге хабарлаңыз:

- төмен артериялық қысымды, шокты, жүрек жеткіліксіздігін, демікпе немесе аллергияны емдеу үшін қолданылатын эфедрин, норепинефрин немесе адреналин сияқты дәрілер.

Егер сіз келесі дәрілердің қандай да бірін қабылдасаңыз, дәрігерге хабарлаңыз. Рамиприл олардың әрекетіне әсер етуі мүмкін:

- қант диабетін емдеуге арналған дәрілік заттар, мысалы, глюкоза деңгейін төмендетуге арналған оральді препараттар мен инсулин. Рамиприл қандағы глюкоза деңгейін төмендетуі мүмкін. Триномия® препаратын қабылдаған кезде қандағы глюкоза деңгейін мұқият бақылаңыз
- литий (психикалық аурулар кезінде). Рамиприл қандағы литий мөлшерін жоғарылатуы мүмкін. Сіздің дәрігеріңіз сіздегі литий мөлшерін мұқият бақылауы керек

Сіздің дәрігеріңіз дозаны өзгерте алады және/немесе басқа сақтық шараларын қолдана алады:

Егер сіз ангиотензин-II (БРА) рецепторларының блокаторын немесе алискирен қабылдасаңыз (сондай-ақ "Триномия ® препаратын қабылдамаңыз" және "Нұсқаулар мен сақтық шаралары" тақырыбымен ақпаратты қараңыз»)

Егер жоғарыда көрсетілген тармақтардың кез келгені сізге қатысты болса (немесе сіз оған күмәндансаңыз), Триномия ® препаратын қабылдас бұрын дәрігеріңізбен сөйлесіңіз.

### **Триномия® тамақпен, сусындармен және алкогольмен бірге**

Алкоголь асқазан-ішектің ойық жаралары мен қан кетулері қаупін арттырады. Бұдан өзге, алкоголь артериялық қысымды төмендету үшін пайдаланылатын дәрілік заттармен біріккенде аддитивтік әсерлерді иеленуі мүмкін. Сондықтан, Триномия® препаратын қабылдап жүргенде алкогольді қолдану ұсынылмайды.

Грейпфрут шырынының құрамында организмнің Триномия® препаратын қоса, кейбір дәрілік заттарды пайдалануына әсер ететін бір немесе бірнеше компонент бар. Грейпфрут шырынының бір мезгілде пайдаланылуын болдырмау керек.

Триномия® препаратын тамақтан кейін қабылдаған дұрыс (3-бөлімді қараңыз).

### **Жүктілік, бала емізу және фертильділік**

Егер сіз жүкті болсаңыз, жүктімін деп ойласаңыз немесе балалы болуды жоспарлап жүрсеңіз, Триномия® препаратын қабылдамаңыз.

Егер сіз Триномия® препаратын қабылдап жүрген кезде жүкті болып қалсаңыз, препаратты қабылдауды дереу тоқтатыңыз және дәрігерге жүгініңіз. Жоспарлы жүктілікке дейін қолайлы баламалы емге ауысу керек.

Егер сіз бала емізіп жүрсеңіз, Триномия® препаратын қабылдамаңыз.

Бала туатын жастағы әйелдер емделу кезінде тиімді контрацепцияны пайдалануы тиіс.

Қандай-да бір дәрілік заттарды қабылдамас бұрын өзіңіздің дәрігеріңізбен немесе фармацевтпен кеңесіңіз.

### **Көлік құралдарын басқару және механизмдермен жұмыс жасау**

Триномия® препаратын қабылдау барысында сіз бас айналуын сезінуіңіз мүмкін. Сіз басқа дәрілерден Триномия® препаратына ауысқан кезде немесе жоғарырақ дозасын қабылдаған кезде мұның ықтималдығы зор. Егер мұндай орын алса, автомобиль жүргізбеңіз және қандай-да бір құралдарды немесе механизмдерді пайдаланбаңыз.

### **Триномия® препаратының құрамында лактоза мен соя лецитині бар**

Триномия® препаратының құрамында лактоза қанты бар. Егер сізге, сізде кейбір қанттарды көтере алмаушылық бар екені айтылса, бұл дәрілік препаратты қабылдамас бұрын дәрігерге жүгініңіз.

Триномия® препаратының құрамында соя майы бар. Егер сізде жержаңғаққа немесе сояға аллергия болса, бұл дәрілік препаратты пайдаланбаңыз.

### **Қосымша заттарға қатысты айрықша нұсқаулар**

Натриймен қамтамасыз етілуі шектеулі диетадағы пациенттерді ескеру қажет.

### **3. Триномия® препаратын қолдану**

Бұл препаратты үнемі өзіңіздің емдеуші дәрігеріңіздің нұсқауларына сәйкес қабылдаңыз. Егер сіздің қандай-да бір күдіктеріңіз болса, өзіңіздің дәрігеріңізбен немесе фармацевтпен кеңесіңіз.

#### **Ұсынылатын дозасы:**

Әдеттегі дозасы – күніне 1 рет бір капсула.

Сіздің дәрігеріңіз сіздің жағдайыңызға, ағымдағы емге және сіздің жеке басыңыздағы қауіп статусына байланысты, сіз үшін қолайлы дозасын белгілеп береді.

#### **Препаратты қабылдау**

- Бұл препаратты ішу арқылы, дұрысы тамақтан кейін қабылдаңыз.
- Капсуланы тұтастай жұтып, сумен ішіп жіберіңіз.
- Капсулаларды ашпаңыз, үгітпеңіз және шайнамаңыз.

### **Егер сіз Триномия® препаратын қажеттісінен көп қабылдап қойсаңыз**

Бас айналуы және құлақтағы шуыл, әсіресе, егде жастағы пациенттерде, елеулі уыттанудың симптомдары болуы мүмкін.

Бұл туралы емдеуші дәрігерге хабарлаңыз, немесе дереу жақын маңдағы аурухананың алғашқы жәрдем бөлімшесіне барыңыз. Өзіңіз көлік рөліне отырмаңыз, сізді басқа біреу алып барсын, немесе жедел жәрдемге қоңырау шалыңыз. Дәрігер сіздің нені қабылдап жүргеніңізді білуі үшін, өзіңізбен бірге препараттың қаптамасын алып барыңыз.

#### **Егер Триномия® препаратын қабылдауды ұмытып кетсеңіз**

- Егер сіз қабылдауды өткізіп алсаңыз, әдеттегі дозасын қабылдаңыз, келесісі ары қарай қабылдау кестесі бойынша.
- Ұмытып кеткен капсуланың орнын толтыру үшін екі есе дозасын қабылдамаңыз.

#### **Егер Триномия® препаратын қабылдауды тоқтатсаңыз**

Емдеуші дәрігеріңізбен сөйлеспейінше, Триномия® препаратымен емделуді үзбеңіз және тоқтатпаңыз.

Егер сіздің бұл препаратты қолдану жөнінде кез келген басқа сұрақтарыңыз болса, оларды емдеуші дәрігеріңізге немесе фармацевтке қойыңыз.

#### **4. Ықтималды жағымсыз реакциялар**

Барлық дәрілік заттар сияқты, бұл препарат пациенттердің барлығында болмаса да, жағымсыз әсерлерді туғызуы мүмкін.

Жағымсыз әсерлерін бағалау олардың пайда болуының келесі жиіліктеріне негізделеді:

<b>Өте жиі</b>	10 адамның 1-еуінен көбінде пайда болады
<b>Жиі</b>	10 адамның 1-еуінен азында пайда болады
<b>Жиі емес</b>	100 адамның 1-еуінен азында пайда болады
<b>Сирек</b>	1000 адамның 1-еуінен азында пайда болады
<b>Өте сирек</b>	10000 адамның 1-еуінен азында пайда болады
<b>Белгісіз</b>	жиілігін қолда бар мәліметтер бойынша бағалау мүмкін емес

**Егер сіз келесі күрделі жағымсыз реакциялардың немесе симптомдардың қандай-да біреуін байқасаңыз, Триномия® препаратын қабылдауды тоқтатыңыз және бірден дәрігерге жүгініңіз – сізге шұғыл түрде медициналық көмек көрету қажет болуы мүмкін, дереу емдеуші дәрігеріңізбен хабарласыңыз және жақын жердегі аурухананың травматология және жедел жәрдем бөлімшесіне хабарласыңыз:**

- Сирек жағдайларда, нәжістің қарамай тәрізді болғаны немесе қан құсу (асқазаннан күшті қан кетудің белгілері) туралы хабарланған.
- Сирек жағдайларда, әсіресе, бронх демікпесі бар пациенттерде тері, тыныс жолдары, асқазан-ішек жолы және жүрек-қантамыр жүйесі тарапынан аса жоғары сезімталдық реакциялары туралы хабарланған. Аурудың келесі симптомдары болуы мүмкін: артериялық қысымның төмендеуі, респираторлық дистресс ұстамалары, ринит, мұрынның бітелуі,

аллергиялық шок, беттің, тілдің және көмейдің ісінуі (Квинке ісінуі).

- Әсіресе, артериялық қысымның бақыланбайтын жоғарылауы бар және/немесе бір мезгілде антикоагулянттармен емделіп жүрген пациенттерде (қаннның ұюына кедергі келтіреді) миға қан құйылуы сияқты ауыр қан кету туралы сирек немесе өте сирек хабарламалар болды, бұл өмірге қауіп төндіруі мүмкін.
- Бұлшықет ауыруы, ауырсыну сезімталдығы, әлсіздік, бұлшықеттің жыртылуы, құрысулар немесе несептің қызыл-қоңыр түске боялуы. Егер сіз бұлшықет әлсіздігін, жағымсыз сезімдерді немесе бұлшықет ауырсынуын сезінсеңіз немесе несептің қызыл-қоңыр түске айналғанын байқасаңыз, сонымен бірге сіз өзіңізді нашар сезінсеңіз немесе жоғары температураны байқасаңыз, бұл өмірге қауіп төндіретін және бүйрек проблемаларына әкелетін бұлшықеттің патологиялық бұзылуынан туындауы мүмкін. Өлімнің өте сирек жағдайлары анықталды.
- Сирек жағдайларда, аса жоғары сезімталдық реакциялары (аллергиялар), соның ішінде, жұтыну мен тыныс алуды қиындататын беттің, тілдің және тамақтың ісінуі, сондай-ақ, қышыну мен бөртпелер туралы хабарланды.
- Терінің қатты қабыршықтануымен және терінің ісінуімен, терінің ауыздың, көздің, гениталийдің кебуімен және қызбамен жүретін ауыр ауру. Қызғыл-қызыл дақтармен жүретін, әсіресе, алақандардағы немесе аяқ табандарындағы, күлбіреуіктерге айналып кетуі мүмкін тері бөртпесі.
- Сирек – тері мен көздің сарғаюымен жүретін бауыр қабынуы, қышыну, несептің қараюы немесе нәжіс түсінің ақшылдығы, бауыр жеткіліксіздігі (өте сирек).
- Сирек – іштің қатты ауыруымен жүретін ұйқы безінің қабынуы.
- Жегі тәрізді ауру синдромы (бөртпені, буын ауруларын, қан жасушаларын қоса)

**Егер сіз келесілерді сезінсеңіз, дереу емдеуші дәрігеріңізге хабарлаңыз:**

- Жүректің жиырылу жиілігінің артуы, жүректің біркелкі емес немесе қатты соғуы, кеуденің ауыруы, кеуденің қысылуы немесе жүрек ұстамасы мен инсультті қоса, одан да күрделірек қиындықтар.
- Ентігу немесе жөтел. Бұл өкпеге қатысты қиындықтардың белгілері болуы мүмкін.
- Қанталаулардың туындауы; әдеттегіден ұзағырақ, қан кетулер; қан кетулердің кез келген белгілері (мысалы, қызыл иектен қан кетуі); қанқызыл дақтар; терідегі дақтар немесе айқын себептерсіз инфекция түсуі; тамақтың ауыру және қызба; шаршау сезімі; әлсіздік; бас айналуы немесе терінің бозаруы. Бұлардың барлығы қанмен немесе сүйек кемігімен байланысты қиындықтардың белгілері болуы мүмкін.
- Іштің қатты ауырып, арқаға қарай ауысуы. Бұл панкреатиттің (ұйқы безінің қабынуы) белгісі болуы мүмкін.
- Қызба, қалтырау, шаршау, тәбеттің болмауы, асқазанның ауыруы, жүрек айнуы, терінің немесе көздің сарғаюы (сарғаю). Бұл гепатит (бауырдың қабынуы) немесе бауыр зақымдануы сияқты бауырға қатысты

қиындықтардың белгілері болуы мүмкін.

**Ацетилсалицил қышқылын, аторвастатинді немесе рамиприлді жекелей қабылдаумен байланысты жағымсыз реакциялар:**

Егер келесі симптомдардың қандай-да біреуі ауыр болса, немесе бірнеше күннен артыққа созылса, емдеуші дәрігеріңізге хабарлаңыз.

Ацетилсалицил қышқылы

*Өте жиі (10 адамның 1-еуінен көбінде туындауы мүмкін):*

- Қыжыл, жүрек айнуы, құсу, іш ауыруы және диарея сияқты гастроинтестинальді шағымдар.

Асқазан-ішек жолынан болар-болмас қан жоғалту (микроқанкету).

*Жиі емес (100 адамның 1-еуінде туындауы мүмкін):*

- Гастроинтестинальді қан кетулер мен ойық жаралар.
- Триномия® препаратын ұзақ уақыт бойы қолданғаннан кейін, асқазан-ішек жолынан жасырын қан жоғалтуларға байланысты темір тапшылығы анемиясы орын алуы мүмкін.
- Асқазан-ішек жолының ойық жаралары туындауы мүмкін, бірақ олар эндотелий қабатын өте сирек тесіп өтеді.
- Асқазан-ішек қабынуы.
- Тері реакциялары.

*Сирек – өте сирек (1000 адамның 1-еуінде туындауы мүмкін):*

- Мұрыннан, қызыл иектен қан кету, терінің қанталауы немесе несеп шығару жолы мен репродуктивтік ағзалардан қан кету, олар ұзаққа созылуы мүмкін. Бұл әсері емдеуден кейін 4 күннен 8 күнге дейін созылуы мүмкін.

*Өте сирек (10000 адамның 1-еуінде туындауы мүмкін):*

- Бауыр сынамалары көрсеткіштері мәндерінің жоғарылауы.
- Бүйрек функциясының бұзылулары.
- Қандағы глюкоза концентрациясының төмендеуі (гипогликемия).
- Ацетилсалицил қышқылы азғантай дозаларында несеп қышқылының экскрециясын төмендетеді. Белгілі бір жағдайларда бұл, қауіп бар пациенттерде подагра ұстамасына алып келуі мүмкін.
- Қызбамен және шырышты қабықты қамтып жүретін тері бөртпелері (мультиформалы эритема)

*Белгісіз (жиілігін алынған мәліметтер бойынша бағалауға болмайды):*

- Бас ауыруы, бас айналуы психикалық бұзылыс, есту бұзылулары немесе құлақтың шыңылдауы (құлақтағы шуыл), әсіресе, егде жастағы пациенттерде, артық дозаланудың симптомдары болуы мүмкін («Егер сіз бұл препаратты қажеттісінен көп қабылдап қойсаңыз» бөлімін қараңыз).

Аторвастатин

Кейбір статиндерді (осындай типтегі дәрілік заттарды) пайдаланған кезде келесі жағымсыз оқиғалар туралы хабарланған:

- Сексуалдық қиындықтар.
- Депрессия.
- Тұрақты жөтел немесе ентигуді, немесе қызбаны қоса, тыныс алуға қатысты қиындықтар.
- Диабет. Егер сізде қандағы глюкоза мен майлар деңгейі жоғары болса, артық салмақ және артериялық қысымыңыз жоғары болса, бұның ықтималдығы жоғарырақ. Сіздің дәрігеріңіз сіз препаратты қабылдап жүрген кезде бұл параметрлердің барлығын бақылап отырады.

*Жиі (10 адамның 1-еуінде туындауы мүмкін):*

- Мұрын жолдарының қабынуы, тамақтың ауыруы, мұрыннан қан кету.
  - Аллергиялық реакциялар.
  - Қандағы глюкоза деңгейінің жоғарылауы (егер сізде диабет болса, глюкоза деңгейіне мұқият мониторинг жүргізуді жалғастыра беріңіз), қандағы креатинкиназа мөлшерінің жоғарылауы.
  - Бас ауыруы.
  - Жүрек айнуы, іш қатуы, метеоризм, диспепсия, диарея.
  - Буындардың ауыруы, бұлшықет ауыруы және арқаның ауыруы.
- Бауыр функциясының бұзылуын көрсететін қан талдауы нәтижелері

*Жиі емес (100 адамның 1-еуінде туындауы мүмкін):*

- Анорексия (тәбеттің болмауы), салмақ жоғарылауы, қандағы глюкоза концентрациясының төмендеуі (егер сізде диабет болса, глюкоза концентрациясына мұқият бақылау жүргізуді жалғастыруға тиіссіз).
- Қорқынышты түстер көру, ұйқысыздық
- Қол саусақтары мен аяқ башпайларының ұюы немесе шаншуы, ауыруды немесе жанасу сезінулердің азаюы, жоғары сезімталдықтың өзгеруі, естен тану
- Бұлыңғыр көру.
- Құлақтағы және/немесе бастағы шыңыл.
- Құсу, кекіру, іштің жоғарғы және төменгі бөліктерінің ауыруы, панкреатит (ұйқы безінің асқазан ауыруына алып келетін қабынуы).
- Гепатит (бауырдың қабынуы).
- Бөртпе, тері бөртпесі және қышынуы, есекжем, шаштың түсуі.
- Мойынның ауыруы, бұлшықет қажуы.
- Шаршау, дімкәстану сезімі, әлсіздік, кеуденің ауыруы, табан буынының домбығуы (ісінуі), температура жоғарылауы.
- Несеп талдауында лейкоциттердің болуы.

*Сирек (1000 адамның 1-еуінде туындауы мүмкін):*

- Көрудің бұзылуы.
- Қол саусақтары мен аяқ башпайларының ұюы немесе шаншуы.

- Ойламаған жерден қан кету немесе қанталаулар.
- Холестаз (терінің және көздің аққабығының сарғаюы).
- Сіңірлердің зақымдануы.

*Өте сирек (10000 адамның 1-еуінде туындауы мүмкін):*

- Аллергиялық реакция – симптомдарына кенеттен сырылдап тыныс алуды, кеуденің ауыруы мен қысылуын, қабақтың, беттің, еріннің, тілдің немесе тамақтың ісінуін, коллапсты жатқызуға болады.
- Шаштың түсуі.
- Гинекомастия (ерлер мен әйелдерде омыраудың үлкеюі).
- Бауырдың ауыр аурулары.

*Белгісіз (жиілігін алынған мәліметтер бойынша бағалауға болмайды):*

- Тұрақты бұлшықет әлсіздігі.

### Рамиприл

*Жиі (10 адамның 1-еуінен көбінде туындауы мүмкін):*

- Бас ауыруы немесе шаршау сезімі.
- Бас айналуы. Бұл жағымсыз құбылыстың Триномия® препаратын қабылдауды бастаған кезде немесе препараттың едәуір жоғары дозаларын қабылдауды бастағанда ықтималдығы жоғары.
- Естен тану, гипотония (артериялық қысымның аномальді төмендеуі), әсіресе, сіз орныңыздан кенеттен тұрғанда, немесе денеңіздің жоғарғы бөлігі жатқан қалыптан көтерілгенде
- Құрғақ жөтел, мұрынмаңы қойнауларының қабынуы (синусит) немесе бронхит, еңтігу.
- Асқазанның немесе ішектің ауыруы, диарея, диспепсия, өзін нашар сезіну.
- Ісінген бөліктермен **немесе онсыз** жүретін тері бөртпесі.
- Кеуденің ауыруы.
- Құрысулар немесе бұлшықеттің ауыруы
- Сіздің қан талдауларыңыздың калий мөлшері жоғарылағанын көрсететін нәтижелері.

*Жиі емес (100 адамның 1-еуінде туындауы мүмкін):*

- Тепе-теңдіктің бұзылуы (вертиго).
- Қышыну және теріңіздің ұюы, шаншуы немесе шымылдатып ашытуы (парестезия) сияқты терідегі әдеттен тыс сезімдер.
- Дәм сезбей қалу немесе дәм сезудің өзгеруі.
- Ұйқы бұзылуы.
- Әдеттегіден көбірек үрейлену, күйгелектік немесе мазасыздық сезімі.
- Мұрынның бітелуі, тыныстың тарылуы немесе демікпенің өршуі.
- Іш ауыруы, құсу және диарея сияқты симптомдары бар, «ішектің ангионевроздық ісінуі» деп аталатын ішек кебуі.
- Қыжыл, іш қатуы немесе ауыздың құрғауы.

- Күні бойына несеп шығарудың жиілеуі.
- Әдеттегіден көп терлеу
- Тәбеттің жоғалуы немесе төмендеуі (анорексия)
- Тамыр соғуының жиілеуі немесе аритмия.
- Қол мен аяқтың ісіп кетуі. Бұл сіздің организмнің судың әдеттегіден көп іркіліп тұрғандығының белгісі болуы мүмкін.
- Гиперемия (қан тебулер).
- Бұлыңғыр көру
- Қызба.
- Ерлердің сексуалдық қабілетсіздігі, ерлерде немесе әйелдерде либидо төмендеуі.
- Кейбір лейкоциттер (эозинофилия) мөлшерінің қан талдауы кезінде байқалған жоғарылауы.
- Бауыр, ұйқы безінің немесе бүйрек функциясының бұзылуын көрсететін қан талдаулары.

*Сирек (1000 адамның 1-еуінде туындауы мүмкін):*

- Дірілдеу немесе абдырау сезімі.
- Тілдің қызарып бөртуі.
- Терінің қатты қатпарлануы немесе қабыршықтануы, қышынуы, актиномикоздық бөртпе.
- Тырнақтарға қатысты қиындықтар (мысалы, тырнақтың босауы, немесе оның тырнақ көбесінен ажырауы).
- Тері бөртпесі немесе көгерген жерлер.
- Терідегі дақтар және аяқ-қолдардың мұздауы.
- Көздің қызаруы, қышынуы, ісінуі немесе жас парлауы.
- Естудің бұзылуы және құлақтың шыңылдауы.
- Әлсіздік сезімі.
- Эритроциттер, лейкоциттер немесе тромбоциттер мөлшерінің, не болмаса гемоглобин мөлшерінің төмендеуін көрсететін қан талдаулары.

*Өте сирек (10000 адамның 1-еуінде туындауы мүмкін):*

- Күн сәулесіне әдеттегіден күшті сезімталдық.

*Белгісіз (жиілігін алынған мәліметтер бойынша бағалауға болмайды):*

- Зейін қоюдың бұзылуы.
- Ауыздың ісінуі.
- Сіздің қаныңыздың талдаулары жасушалар санының тым аздығын көрсетеді.
- Қан талдаулары натрий мөлшерінің әдеттегіден аз екендігін көрсетеді.
- Сіз тоңған кезде қолыңыздың саусақтары мен аяғыңыздың башпайларының түсі өзгереді, содан соң жылынған кезде сіз олардың шаншығанын немесе ауыруын сезінесіз (Рейно феномені).
- Ерлерде омыраудың үлкеюі.
- Реакцияның баяулауы немесе бұзылуы.
- Дызылдау сезімі.



- Иіс сезудің өзгеруі.
- Шаштың түсуі.

**Триномия® препаратын қабылдаған кездегі жағымсыз әсерлер (ацетилсалицил қышқылы, аторвастатин немесе рамиприл)**

*Өте жиі (10 адамның 1-еуінен көбінде туындауы мүмкін):*

- Қыжыл, жүрек айнуы, құсу, іш ауыруы және диарея сияқты асқазан-ішек шағымдары.
- Асқазан-ішек жолынан болар-болмас қан жоғалту (микроқанкету).

*Жиі (10 адамның 1-еуінде туындауы мүмкін):*

